

Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 7 маусымдағы № 253/32-III «Қоғамдық көлікте білім алушылардың жеңілдікпен жүруі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы № 374/49-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 15 шілдеде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 640 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 410/57-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 23.09.2015 № 410/57-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

«Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Астана қаласы мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 7 маусымдағы № 253/32-III «Қоғамдық көлікте білім алушылардың жеңілдікпен жүруі туралы» шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2006 жылғы 23 маусымда № 442 болып тіркелген, 2006 жылғы 13 шілдеде № 105 «Вечерняя Астана», 2006 жылғы 15 шілдеде № 112-114 «Астана хабары» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: шешімнің кіріспесіндегі «52-баптың» деген сөзі және цифрі «55-баптың» деген сөзімен және цифрімен ауыстырылсын.
2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы *Ю. Келигов*
Астана қаласы мәслихатының хатшысы *В. Редкокашин*